

Коспагарова

ЖЫР ДАУЫЛПАЗЫ - БАҚТЫБАЙ АҚЫН

Бақтыбай Жолбарысұлына 175 жыл!

*«Бақтыбай мен Тәйкөттер тірі болса, төбемізге көтеріп,
төрімізге отырығызып қоятын адамдарымыз еді ғой»*

І. Жансүгіров.

Жолбарысұлы Бақтыбай XIX және XX ғасырлар тоғысында өмір сүрген, Ұлы жүз Жалайыр руынан шыққан төкпе ақын әрі айтыста сүрінбеген шебер, шыншыл, жүйрік ақын.

Бақтыбай айтыстарының өткір тілділігі, шыншылдығымен, шебер шешендігімен, суырып салма тума таланттылығымен ерекшеленеді. Ол ақындығымен бірге жыршы, күйші болған. «Жетісу жерінің жезтаңдайы атанған Бақтыбай ақынның ел ішінде он алтыға тарта күйлері тартылып жүр» деп Жәнібек Кәрменов мағлұмат етсе, ақын өлеңдерін оқыған қазақ елінің біртуар әнші ұлы Дәнеш Рақышовтың («Жерұйық» газеті, 1990 жыл, 29 қыркүйек) «Оқыған сайын шабыттанам» атты шағын мақаласында «Б.Жолбарысұлының «Жел қобыз» деген жинағын оқып қарасам, әсіресе жеке өлеңдері тартымды екен. Қайталап оқыған сәттерімде даусымды шығарып, әндетіп те жіберіппін. Әндерім бала жасым-нан құлағыма құйылған халық әндері. Ақын сөздеріне жанасып, жанығып, жарасым тауып барады. Дереве бірнеше қайталап, пысықтап, магнитті таспаға жаздырдым. Артынша нотаға түсірттім. Сөйтіп, Бақаңның «Бөрібасар», «Ешкіөлместің жырасы көп», «Сенім жоқ бұл заманның адамына», «Арқалап домбырамды сағым қудым», «Кім қалар?» деген өлеңдеріне ән шығардым. Олар облыстық және республикалық радиодан содан бері бірнеше дүркін беріліп те үлгерді» дейді. Ақын Тезек төремен айтысында тыңдаушы қауымды жалықтырмас үшін, он алты түрлі әуенге салған екен. Әр айтыстың алдында домбырасына ерік беріп, есілтіп күй тартып, өзін-өзі күйлеп, толғамды, әлде толқынды, дауыл сарынды саздарды төгіп, алай-түлей арындатып алады деген аңыздарды бар.

Өзі өмір сүрген қоғамның бет пердесін бүкпесіз, ашық суреттеген ақын ел билеушілерін мақтай отыра «мақтамен бауыздап», жағымсыз ісін, қылығын шындық түрінде қоса айтып, сынға алады. Бұл ретте ол Шөжеге, әсіресе Сүйінбайға ұқсайды. Сондықтан да Бақтыбай алғаш кездескенде-ақ;

Аман-есен жүрсіз бе,

Атақты ақын Сүйінбай? –деп, Сүйінбайды сыйлап, оның әділдік, батылдық, шыншыл қасиетін қадірлеп, оған інілік, кішілік ізет көрсетеді. Сөз сыңайына қарағанда ол да талантты ақын інісін ұшыратқанына шынайы ризалығын білдіреді. «Кем демейді Жалайыр Бақтыбай ақын сені де», –деп Жалайырдың бас ақыны екенін ерекше атайды. Шоқан Уәлиханов та Ұлы жүзде екі ақын – Сүйінбай мен Бақтыбай бар, тек қана шындықты айтады деп бағалаған.

«Бақтыбай мен Тезек айтысы» — сол заман билеуші адам жайын жүйелеп толғаған мазмұнды дастан іспетті туынды.

XIX ғасырда жыраулық поэзияның сарыны әлсіреп, аясы тарылғанымен елдің қамын ойлайтын, оның арман-мүдделерін ту етіп көтеретін, бойында намыс оты жалындаған ақындар аз болмады. Олар осы жолда ханға да, сұлтанға да, батырға да қарсы келуден тайынбаған. Бұған – Махамбеттің Жәңгір ханға, Шернияздың Баймағамбет сұлтанға, Сүйімбайдың Тезекке, Үмбетәліге (Қырғыз Орманның ұлы), Майкөттің Бәйтік манапқа айтқан сөздері дәлел. Сондықтан Бақтыбайдың Тезек ордасына келіп, ойындағы пікірін іркілмей айтуы кездейсоқтық емес.

«Алдияр, мен бір жүрген жетім бала,

Ісіне құдіреттің бар ма шара...

Айырылған ата-анадан жетім едім,

Тентіреп жетімдіктен кетіп едім», — деп өзінің мүсәпір халін таныстырады. Сол кезде ашуланған Тезек екі жендетін: «Анау кімді келеке қылып тұр, басын шауып адыңдар», — деп жібереді. Осы кезде бір бүйірден араласқан Қожбанбет: «Бақтыбайдың жасы құрдас болмағанменен, сөзі құрдас шығар, аз ғана сөйлетейік, өлеңі татымсыз болса, басын алу ешқайда қашпас», — дейді. Сонда Бақтыбай домбырасын қағып-қағып жіберіп:

Дүние-ай, қайран қазақ мен емес пе,

Ұмытқан шын құдайын сен емес пе.

Секілді жынды бота елеңдейсің,

Қазақтың алты ауылды демі емес пе?!,— деп зәрлі төренің көңілін су сепкендей басса, артынша сабырға шақырып, өмір жайлы, тіршілік жайлы, уақыт пен бақыттың өтпелілігі жайлы толғап кетеді:

Таксыр-ау, мен де өлермін, сен де өлерсің,
Ақысын жетім-жесір тең берерсің,
Бір сиыры кеткен кісі кебінді шешіп алып,
Екінші ақысы бар ел келгенде.
Жұлдырып төбе шашың дөңгелерсің.

Бұл жолдардан Бақтыбайдың халық поэзиясында өзіндік орны бар, хан, сұлтандардан тайсалмаған ақын екендігін анық көреміз. Ақынның дүние танымы, өмірге көзқарасы, адамның психологиясын арыдан сезіп-түюі әрбір өлең, толғау, айтысынан жіті байқалады.

Оның: «Дүние-ай, қайран қазақ мен емес пе, секілді жынды бота елендейсің, қазақтың алты ауылды демі емес пе?!», — деген жолдарынан төренің ішкі-сыртқы мінез-құлқы дәл байқалып бейнеленсе, «Дүние-ай, қайран қазақ мен емес пе», — деген жолда ата-бабамыздың жайсаңдығы, жомарттығы, кішіпейілділігі, парасаттылығы — бәрі тоғысып жатыр.

Одан әрі Тезекті сары ала сұңқарға, езін сары ала тышқанға балайды да, сенің: «Тышқанға көз салғандай қарғалық затың бар ма еді», — деп тегіне тиіп шенейді. Енді мынау Ақ Дәнекер сұлуды Жарлықамыс деген сорлыдан тартып алып едім, сол Дәнекер сұлуды мақтауға бұйырамын», — дейді. Бақтыбай мақтайын дегенде тағы Қожамбет би: «Бақыбай, сең Ескелді бидің тұқымысың. Өтірік айтпа, шындықты айт», — депті. Бақтыбай: «Шындықты айтайын», — деп Дәнекердің төркіні қоқандық тәжік-сарт екенін білмей, тартып алып қатын қылдың. «Өзінді өзін талайсың. Періште алтын көрсе жолдан шығар, Сізді жолдан қандай сайтан шығарды. Халқыңа өсек болдың» — деп Тезектің әділетсіз ісін айыптап, әрі Дәнекерді мақтамай, бетін шиедей қылады. Сол сынға шыдамаған Дәнекер: «Қаңғып жүрген қайыршы жер-жебіріме жетті» — деп жылап, үйден шығып кетеді. Содан кейін Тезек Бақтыбайды жұмбақ айтып ұтып, жазаламақ болады. Бірақ Бақтыбай жұмбақтың шешуін тауып, аман құтылады. Алайда Бақтыбай Тезекті тегін мақтағанда, Тезектің бәйбішеден туған ағасы Солтан дегенді қоса айтады. Тезек Солтанмен қас екен. Сондықтан ол Солтанды жамандайды. Сол сөзінде:

«Солтаның қоңыр тоқты болған шақта,
Хан Тезек басын жейтін бәрі емес пе?
Тезек;
Адастың айтар сөзден Бақтыбайым,
Қызталақ өстіп айтсаң жөн емес пе?»

— деп мін таққанда, Суан Қожамбет би Бақтыбайға шырай білдіреді. Бақтыбай Тезекке қайтарған жауабында:

«Кімнен көрдің кемшілік,
Солтанды адал мал қылып.
Өз басыңды, таксыр-ай,
Бөк жейтін уға теңгеріп»,

— дейді.

Сонда Тезек: «Қожамбет, мен екі ақын көрдім. Біреуі - Бақтыбай, екіншісі — Қызыл екей Сүйінбай. Бақтыбай, тілегінді айт, берейін», — дейді. Бақтыбай өзінде жоқты түгел сұрайды. Тезектің берген жауыр ала аты Абылайды көрген кәрі екендігін ашады. Әйтсе де лайықты сыйлық алған сияқты. Енді төре Бақтыбайға: «Екі ханшам отыр, әуелі соларды екі ауыз мақта, артында екі ауыз датта», — дейді. Бақыбай мақтап та, даттап та береді. Даттауында Баймағанбет сұлтанның қыздарын жамандаған Шернияз үрдісі еселеніп көрінеді. Бірнеше мысал:

«Дөң желке, шот маңдай, шомпақ мұрын,
Сендердей болмас, сірә, қыз «сұлуы»,

— деп мысқылдай келіп:

«Таксыр-ау, сіздің қызда жаман бар ма,
Жаманды жамандауға заман бар ма?
Бұлардың бес тиындық бағасы жоқ,
Қылған соң құдай ханша, амал бар ма?»

- деп аяқтайды.

Бақтыбай мен Мәйке қыздың сөз сайысы өзіндік нақыш, көркемдігімен ерекшеленеді. Сондықтан да ол XIX ғасырдың аяқ шеніндегі тәуір айтыстардың қатарынан орын алаған. Жамбылмен дидарласуында «Мәйкеменен айтысып, Мәлім болған өзіңсің» деп кішілік ізеттілікпен, Бақтыбайдың ақындығына бас игендігі көрінеді.

«Бақтыбай мен Мәйке қыз айтысы» екі ақынның алғаш кездесудегі дидарласуынан басталады.

Ертіске ел қонғанда түсер кеме,
Бұл сөздің де жаны бар, бекер деме.
Даңқықыз жалайырдан асқанменен,
Қортық боп тудың сорлы-ау, мұнша неге?!

Ал Бақтыбай бойы аласа болса да, ойы биік ақын екенін, жасы қырыққа келсе де, қыздан көңілі бар екенін айтады. Ақырында, Мәйке Күшік деген елдің айттырулы қалындығы екенін, егер шын алғың келе, 13 айдан қалма деген сөз байлайды. Бақтыбай әрі ояз, әрі болыс Жәлменде дегеннің жәрдемімен үй басына 50 тиын жинап, Бақтыбайға мал құрап, Мәйкенің қалын малын төлеп, қызды Бақтыбайға алып береді.

Бақтыбай мұрасын жеткізуші әрі насихаттаушысы ретінде де Мәйкенің орны зор.

«Бақтыбай мен Бәйімбет айтысы» көшпелі ел мен жатақ қазақтың тұрмыс-халін, әлеуметтік жағдайын суреттейтін мәні жоғары шығарма. Жалпы Бақтыбай Жолбарысұлының кез-келген сөз сайысын алып қарайтын болсақ, өте мәдениетті, сыпайы айтыскер екендігі аңғару қиын емес. Бәйімбет Көшпелі күшік деген атаның ақыны жаз жайлау көшіп, қыс құмда қоныстап, мал өсіріп, күн көрген өмірін мадақтап, өздерін баймыз деп мақтанады. Бәйімбет шу дегеннен «Бес ешкілі кедейсің» түгі жоқ бейшарасың деген

сынай танытады. Ал Бақтыбай болса, Шұбар деген жерден қоныс алып, Қараталдан тоған салып, бидай егіп, нан жеп отырғанын, жұтамайтынын, тоқ екенін бетке ұстайды. Бақтыбай «Бір орын мекен қылмайсың, Астықты қайдан алам деп» еңбекке жоқ, салғырттықтарын бетіне басады. Сөйтіп Бейімбет сөзден де, дәлелді ойдан да ұтылады. Бақтыбайдың қолын алады.

Бақтыбай мен Әсет екеуі қалың ел жиналған ұлы дүбірде ұзақ сайысып, бірін-бірі ала алмайды. Ел билігінің тізгінін уысында ұстаған би-болыстар өнер жарысында да жағдайды жіті бағдарлап, өзіне икемдеп, қажетті жерінде кесімді сөзді де өздері айтып отырған. Бірақ билеушілер өз әмірімен азулы ақындарды әрқашан жүгендеп, айтқанына көндіре алмаған. Олар да жүйелі сөзге жүгініп, аталы сөзге жығылған. Айтыстың басында Бақтыбай;

Менің атым Бақтыбай,
Домбырамды қақтым-ай.
Талай шаршы жиында,
Сөз нақышын таптым-ай.
Үйсін, Найман бас қосты,
Тындатайын жақсыма-ай,—

деп домбырасының құлақ күйін келтіріп алады. Содан кейін қарсыласын ықтырып алу ниетімен тікелей шабуылға көшеді:

Өлеңмен оқты аттым-ай,
Өлең жырды өргізіп,
Қайырып малдай бақтым-ай.
Арғыннан келген ақын кім?
Ел қыдырған бақсыдай,

Бақтыбай Жолбарысұлының айтыста жиі қолданатын әдістерінің бірі – елінің, жерінің, игі жақсыларының байлық, салтанатын дәріптей отырып, қарсыласының пысын басу, оның ел билеушілері, ру басыларының әрекеттерін айтып, бетін қайтару.

Сөйтіп Әсеттің намысына тие сөйлейді. Үлкен

ақындығымен қоса, әншілігі бар Әсет сазды даусымен жұртты өзіне ұйытып әкетеді:

Сасқан жерде ойланып тапқан ақыл,
Заты жалған болғанмен, шынменен тең.
Бірседен пайдаланған ақыл, білім,
Жаңбырмен араласқан нұрменен тең.
Қатынша жылап айтқан Жалайырға,
Дегенге шыдайын ба жынменен тең,—

деп ол табан астында жауап қайтарады.

Екі ақынның да сөз саптауы келісімді, өлеңдерінің ұйқасы да қолмен қойғандай әдемі. Бақтыбай жеті-сегіз буынды өлең үлгісімен төгіп айтса, Әсет он бір буынды қара өлеңмен толғайды. Бұлардағы тағы бір ерекшелік—өлең жолдарында басы артық сөз, ой, ауа жайылушылық жоқ.

Өз ғұмырында бірде-бір ақыннан жеңілмеген халық мұңын танып, ел тілегін ала жүріп кезкелген сәтте, кімнің алдында болсын, тежелмей шындықты айта білген желдей жүрік, жыр дауылпазы Бақтыбай Жолбарысұлы 175 жаста. Халық зердесі арқылы жеткен Бақтыбай жыры ғұмырлы болғай.

1. Айтыс. Алматы. 2-том, 1966 ж.

2. М. Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы, 1958 ж.

3. С. Қазыбайұлы. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Ақтөбе, А-Полиграфия. 2004 ж.

4. О. Ислаилов. Басылып жатқан қазынам. Алматы, Комплекс. 2005ж.

5. «Жерұйық» газеті, 1990 жыл, 29 қыркүйек.

* * *

В данной статье рассматривается преемственность устного творчества поэтов, отраженным в поэзии Бактыбай Жолбарысулы входящих в цикл литературного жанра в конце XIX века и начало XX веков.

* * *

This article is about admissibility regulation of creation poets, reflection in poetry Bactibay Zholbarisuly, in cycle literary genre beginning XIX and end XX century.

Маммедли Самира

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ОБРАЗ БОРЦОВ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ

Если окинуть взглядом историю независимости на фоне художественной прозы, то одно обстоятельство привлечет внимание. И это, отражение в нашей национальной литературе художественного образа создателей истории борьбы за независимость. Эта тенденция проявляет себя таких в художественных образцах, как романы «Доктор Н» Чингиза Гусейнова,

«Несокрушимый Мир Джафар» Алисы Ниджата и рассказ «Живи, о Справедливость!» Нахида Гаджиаде.

Среди образцов современной прозы роман «Доктор Н» Чингиза Гусейнова больше привлекает внимание. Первый вариант этого романа был издан на русском языке в журнале «Литературный Азербайджан» под названием «Доктор